

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жүздердің зерттелуі...

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.03.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/53338/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жүздердің зерттелуі...

Қазақ халқы мен оның этникалық аумағының қалыптасу дәуіріндегі қалыптасқан ірі этноаумақтық тайпалар бірлестіктері – жүздер болды және дәстүрлі қазақ қоғамы үш жүзден тұрады: Ұлы жүз, Орта және Кіші жүз.

Жүздердің шыққан уақыты, шығу себептері, ішкі мазмұны жөнінде ғалымдардың арасында әлі ортақ пікір жоқ, мүмкіндігінше соны зерттеу барысындамыз. Біз көптеген түсініксіз пайымдарға жолықтық. Әрине, бұл жағдай ізденістеріміздің ауырлығын және жауапкершілігінде байқатты. Орта Азия халықтарының арасында жүзге бөлінушілік біздің халқымыздың сипатына тән болғандықтан бұл тақырыпты толыққанды зерттеп қана қоймай, оның нәтижелерін шығарудың рөлі өте жоғары.

Жалпы Еуропа мен Ресейдің тарихи жазба әдебиеттерінде қазақ халқының жүздерге бөлініп орналасқаны туралы мәліметтер сиректеу. Тек, орыс ғалымдарының, саяхатшыларының жазып қалдырған деректерінде көрсетілген. Мысалы орыс дипломаты М.Тевкелев қазақтардың үш жүзге бөлініп жайласқанын жазған. (1) И.Кириллов, П.И.Рычков, В.П.Татищев, И.Г.Георги, А.Левшин және т.б. Ресей ғалымдары көбінде қазақтардың үш жүзге бөлінетінін атап өтумен ғана шектелген. (2) В.В.Вельяминов — Зернов, қазақтың жүздері XVI ғасырдың екінші жартысында Ақназар ханның тұсында бөлінген десе, (3) В.В.Бартольд үш жүздің пайда болуы –қазақтардың көшпелі шаруашылығының негізінде пайда болғандығын жалпылама айтқан, қазақтың ұлы ғалымы Ш.Ш.Уәлиханов қазақтың жүзге бөлінуі XV – XVI ғғ. Моңғол ұлыстарының негізінде шыққанын, бұл жүздердің этностары –қазақ халқы екенін жазған.(4)

«Жүз» атауы. «Жүз» араб тілінде біртұтас нәрсенің бөлігі, саласы деген ұғымды береді. Бірақ, «жүз» энтонимі түрік тілінде кең және тар мәнде қолданыла береді.

Адамның беті, келбеті деген сөзге қатысты «келбеті келген адамнан кеңес сұра»-деген сөз бар, яғни бет жүзі келісті адамның жаман болмайтынын меңзейді. Соған қоса қылыштың, пышақтың жүзі деген сияқты сөздер тұрмыста жиі кездеседі. Осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Олай болса, «жүз» сөзінің бір нәрсенің бөлігі деген кең мәнде алып, айқындауымыз қажет. Біздіңше, бұл жерде «жүз» атауы географиялық ұғым. Түріктер, оның ішінде қазақтар өз жерлерінің табиғи –географиялық ерекшелігіне қарай, бөлек қоныстанған. Оның әр бөлігіне «жүз» деген атама берген.

Б.з.б. III ғасырлардағы деректерде Қытайдың батысындағы Гансу мен Шығыс Түркістанның Оңтүстігінде өмір сүрген Кіші жүз атты тайпалардың өмір сүргендігі айтылған, Кейін осы Кіші жүздің күшейіп, осы аталған өлкенің тарихына үлкен үлес қосқаны да тілге тиек етілген.

Кіші жүздің жайлаған жері Гансу (Қытай) мен Шығыс Түркістанның оңтүстігі екенін айта келіп, ғұндар Ұлы жүздерді Шығыс Түркістаннан батысқа қарай қуғанда, олардың қалып қойғандары — Кіші жүз деген мәлімет береді. Бұл айтылған пікір шындыққа сай емес. Негізінде Кіші жүз түріктерінің батыс шекарасы Қара теңіздың солтүстік жағалауынан Батыс Қытайға дейін созылып жатқан. Шығыс Түркістанда Ұлы және Кіші жүздер бірге қоныстанған. Сондықтан Шығыс Түркістан түріктердің ежелгі жерінің бір бөлігі. Сол кездің өзінде Кіші жүзге кірген хундардың (ғұндардың) жері Қаратеңіз солтүстігіне дейінгі ұлан – байтақ кеңістікке орналасқан. Солардың бір бөлігі батыс қытай шекарасына дейін келген. Оларды үйсіндердің қалып қойған бөлігі деудің қисыны жоқ. Өйткені, Қытайлықтар батыс көршілері – түріктердің мекенін жетік біле алмаған. Тек, өздеріне жақын саяси, экономикалық және мәдени байланыста болған түріктер туралы мәліметтер жинаған. Түріктер өз жерлеріне Қытайлықтарды жібермеген.

Қытаймен шекаралас Кіші йүзілер Тибет халықтарымен араласып, өзара бауырлас болғаны туралы да деректер кездеседі. Кіші жүз құрамындағы рулар мекендеген тайпалардың ертеден келе жатырғаны даусыз, бұл жөнінде азда болса, деректер бар яғни, Қытай деректеріндегі мәліметтерге қарағанда, антикалық заманда Орталық Азияда мекендеген түріктердің арасында Кіші жүздердің болғанына күмән келтіруге болмайды. Олар сан жағынан да аз болмаған. Кіші жүздердің атты әскерінің саны 10000-нан – 12 000-ға дейін болғанына қарағанда, олардың халқының саны да әжептеуір болғанға ұқсайды. Олар бірде тибеттіктерге, бірде қытайлықтарға көмек беріп тұрғаны айтылған. Соған қарағанда, Кіші жүздер өздерінің жауынгерлігімен ерекшеленгендіктен, көршілері олармен санасып отырғаны байқалады.

Орта жүз туралы антикалық және ертедегі орта ғасырлардағы тарихи деректерде кездеспейтіндіктен, жоғарыда тек Ұлы және Кіші жүздерге тоқталдық. Орта жүз бойынша ертедегі мәліметтерді тек қазақ ауыз әдебиетінде, ру, тайпа шежірелерінде кездеседі. Барлық қазақ халқының генеологиясын үш арыстан таратады: Ақ арыс (Ұлы

жүз), Жанарыс (Орта жүз) және Бекарыс (Кіші жүз). Жүздердің жайласқан мекендері географиялық тұрғыдан ғана айтылып, Орта жүздің осы күнгі Орталық Қазақстанды мекендегені баяндалады.

Бұл жүз туралы жазба деректер Ресей империясының Қазақстанды отарластыруымен байланысты айтылады. Әсіресе, XVIII ғ. бірінші жартысынан бастап, біздің елімізге келген Ресей дипломаттарының, мен саяхатшыларының жазып қалдырған деректерінде Орта жүздің тарихына қатысты мәліметтерді кездестіреміз. Олардың арасында А.И.Тевкелев өзінің қағазға түсірген деректерінде Орта жүздің ру, тайпаларға бөлініп жайласқан мекендеріне тоқталған. Орта жүз қазақтары алты тайпалардан құрылған: Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қоңырат, Қыпшақ (5). Бұл саясаткерден басқа да Ресейден Қазақстанға келген зерттеушілердің еңбектерінде қазақ халқының жүздерге бөлінуі туралы азды -көпті мәліметтерді кездестіреміз. Бірақ олардың қалдырған деректеріне сын көзбен қарап, ой елегінен өткізіп пайдаланған абзал. Өйткені, қазақ халқының жүздерге бөлінулеріне қуатты көршілеріміз - Жоңғар хандығы бастаған Хиуа, Қоқандықтар және Орыс және Қытай патшалықтарының алысты болжаған билеушілерінің ықпалдары аз болмаған. Бұл мәселелер біздің болашақтағы зерттеулерімізге негізгі объекті болады деген ойдамыз. Ол үшін мұрағат және басқа да зерттеу еңбектеріне нақты сүйенеміз - деп, ойлаймыз. Олар жергілікті халықтың тілін, ділін білмеген, тек көрген - естігендерімен шектеліп, оны қағазға түсіріп қалдырған. Бұндай кемшіліктер олардың басым көпшілігіне тән. Солай болса да, осы деректердің құнды тұстарын дұрыс пайдалануымыз қажет.

Енді Орта жүздің шығу тарихы туралы өз пікірімізді ортаға салайық. Орта жүз тарихы Монғол империясының ыдырауынан кейін, жалпы түріктердің өзара енші алысып, жеке - жеке халық болып бөлініп шығуымен байланысты қараған жөн. Қазақтар да өзінің ежелден мекендеген жеріне ие болып, Орталық Азияның қақ ортасындағы ежелгі мекенінде шаңырақ көтерді.

XIVғ. аяғында қазақтар қара шаңырақтың, кең байтақ үлкен жердің иесі болды. Оны өзінің Отанына айналдырған Қазақстан (Қазақ елі) деген қасиетті атпен келе жатыр. Осындай ұлан -ғайыр жер тек қазақ халқының еншісіне тиген. Басқа бөлініп шыққан қандастарымыздың біреуінде де осындай кең жер жоқ. Түрік әлемінің ең құнды, асыл қасиеттерін, ділін сақтап қалған қазақ халқы. Сондықтан, ертедегі «Алты алаш» кезінде жүзге бөліну дәстүрін сақтап, Қазақстан жерін табиғи -географиялық ерекшеліктеріне икемделіп, үшке бөлініп тіршілік еткен. Бұл жүздер жерлерінің табиғи ерекшеліктерін жетік меңгеріп, соларға икемделіп қоныстанған және негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысты, қосымша заттай және рухани мәдениеттерді жалғастырып, оны үздіксіз дамытып отырған. Қазақ жүздерінің бөлінуі тек табиғи -географиялық ерекшеліктеріне қарай болып, рулар мен тайпалар өздерінің ертеден мекен еткен аймақтарында тіршілігін жалғастыра берген. Орта жүздің құрамындағы

қыпшақтар, арғындар, наймандар, қоңыраттар, керейлер, уақтар өздерінің құтты қоныстарында антикалық және ертедегі орта ғасырдан бастап мекендеген. Алайда, олардың көпшілік бөлігі ертеде Ұлы жүздің одағына кірген болса, қалғандары Кіші жүздің ішінде араласып, бірге жасаған. Осы тәртіп Моңғол империясының ыдыраған кезеңіне дейін сақталған. Кейінгі кезде Орта жүз бойынша жаңа деректер жиналып, біздің бұл пікірлеріміз толықтырылар деген үміттеміз.

Жоғарыдағы келтірілген деректерге қарағанда, б.з.б. VII ғ ғасырларда Орталық Азияны жүздерге бөлініп, түріктер мекендеген. Жүздердің пайда болуына Шыңғыс хан ұрпақтары, яғни қазақ халықтарының ішінде күні бүгінге дейін ешбір ру – тайпаларға еңбей келе жатырған жеке әлеуметтік жік – төрелер мен сұлтандардың ұрпақтарының орны ерекше екенін ескеруіміз қажет – ақ. Ұлы жүзге Орталық Азияның оңтүстік – шығыс аймақтарына кіретін ұланғайыр жерлер кіріп, Шығысы Қытаймен, оңтүстігі Ауғаныстан, Үндістанменен шектескен. Аттары аталған аймақтарда ерте замандарға Қаңлы және Үйсін мемлекеттері ұзақ жылдар өз үстемдіктерін жүргізген. Ұлы жүзге қараған жерлерде ежелден отырықшылық басым болып, табиғи –географиялық ерекшеліктеріне байланысты суармалы егеншілік кең өріс алған. Б.з.б. II ғасырда Ұлы жүздің жерінен шығыстан батысқа қарай Ұлы жібек жолы өтіп, саналуан елдердің өзара қарым –қатынастарын қалыптастырған. Бұл пікірлерді дәлелдейтін жазба және археологиялық деректер жеткілікті. Сондықтан да, бұл аймақтар отырықшы өркениеттің мейлінше дамыған бай өлкесі болып саналады. (б)Ұлы жүз аумағына Сырдариядан бастап, Жетісу жері түгел кірді. Оның құрамына үйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, жалайыр, шанышқылы, қатаған т.б. ру – тайпалар кіреді. Орта жүз Орталық Қазақстан аудандары мен Солтүстік – Шығыс Қазақстанның бір бөлігін алып жатты. Оған қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, уақ тайпа — рулары енді. Кіші жүздің мекені – Сырдарияның төменгі жағы, Арал теңізінің жағалауы, Каспий ойпатының теріскей бөлігі. Оны келесі тайпалар одағы – Әлімұлы (қаракесек, қарасақал, кете, төртқара, шөмекей, шекті); Байұлы (адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, есентемір, қызылқұрт, шеркеш, ысық, таз, масқар); Жетіру (табын, тама, кердері, жағалбайлы, керейт, телеу, рамадан) құрады.Әрбір жүздің тайпалары жалпы шаруашылық мүдделер негізінде топтасқан, өз шекарасында экономикалық жағынан оқшауланған еді. Олардың тілі, материалдық тұрмыс мәдениеті жағынан да, биологиялық – генетикалық тұрғыдан да басқа жүздердің тайпаларынан ешбір айырмашылығы болған жоқ. Мұны антрополог ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген. XIV – XV ғасырларда бұл тайпалар түркі тектес халық болып топтасты да, кейін «қазақ» деген этникалық ортақ атауға ие болды, сөйтіп халықтың қалыптасу процесі аяқталады.

Көне замандардан бері, Орталық Азияның солтүстік және батыс аймақтары Кіші жүзге қараған. Оның батысы Қаратеңіздің солтүстік жағалауынан, шығыста Қытаймен жалғасып жатқан жерде, ертедегі сақ (скиф) пен ғұндардың ұрпақтары мекендеп, Кіші жүзге қараған. Біз тоқталып отырған деректерге қарағанда, хундар мен

қытайлықтардың арасында саяси, экономикалық және мәдени қарым – қатынастар мейлінше күшті болған. Себебі, екі этникалық топ Қытай елінің батыс көршісі болған. Қытай деректерінде бұлар туралы деректердің мол екенін жоғарыда айтқанбыз. Қытайлықтар ең жақын көршілерін жақсы білгенмен, батыс, оңтүстік аймақтарды мекендеген түріктерді жетік біле бермеген. Ғұндар кезіндегі Қытайдың батысын, яғни шығыс Түркістанды мекендеген Кіші жүздер, батыстан — шығысқа созылып қоныстанған болгар, печенек, қыпшақтардың шығыс бөлігі деген пікірге келуге болады. Кіші жүздің қоныстанған аймақтарының өздеріне тән ерекшеліктері мол. Өте кең аймақта малды мыңдап өсіріп, егіншіліктің көпшілігі жаңбырдың беретін ылғалына негізделіп дамытқан. Бұл жерді мекендеген түріктер ежелден қыстауы мен жайлауларын қолайлы жерге орналастырып, өздерінің көп салалы шаруашылығын дамытып отырған. Кіші жүз түріктері де ертеден үлкенді –кішілі мемлекеттіктерге бөлініп тіршілік еткенін айтқан едік. Олардың ішінде империя дәрежесіне жеткен Ғұндар мен Көк түріктер болғаны әлімге белгілі. Олардың тұрақты мекендері мен қалалары да болғанын археологиялық зерттеулер дәлелдейді. Ғұн империясы кезінде Қытайлықтар Ұлы қорғанын салуға мәжбүр болғаны тарихта мойындалған.(7)Сонымен, антикалық заманда түріктерді «Алты алаш» кезінде, Орталық Азияның табиғи –географиялық ерекшелігіне қарай екі аймаққа бөліп қоныстанғанын байқаймыз. Ұлы және Кіші жүздер барлық түрік тілдес этникалық бөлімдердің бәрін қамтитын «Алты алаш» ұғымына кірген қандастарымыз саяси, экономикалық және мәдени байланыста болғандықтан, қажетті жағдайда «Түріктің көктуының» астына жиналған. Осы бірлікті сақтау оңай болмаған. Оны орнықтыру үшін Ғұн империясының көсемдері Тұман хан, оның ұлы Мете, Көк түріктер кезіндегі Білге қаған қажырлы, қайратты күштер жұмсаған.

Бұл тарихи тұлғалар өз мақсаттарына жетіп, империя құрған. Бірақ, бұл ұлы күштер ұзаққа бармай, түріктер үлкенді –кішілі мемлекеттерге бөлінгендіктен, әлсіреп, сырттан тиген құралды күштерге қарсы тұра алмай, елін, жерін қорғауда, талай қиыншылықтарды бастарынан өткергенін тарих біледі. Олай болса біз жан–жақты зерттелген бұл тақырып толығымен өз шешімін тапты деп әлі де болса айта алмайтын көрінеміз. Шежіре әр адамның жоғын тауып береді, ата – бабасының ерлігін, тектігін, өз мүддесін ұлт мүддесіне мұра қалдырған жандар екенін көрсетеді. Шежіре – ұлттық шежіре болуы керек, ол әр адамның шығу тегі арқылы бүкіл қауымды, халықты таныстыру арқылы табыстыруы керек. Қазақ елі әлі рулық санада жүр, сондықтан да ұлттық деңгейге шығу керек. Шежіре ендеше ұлттың руға, тайпаға, арысқа, жүзге бөлінуі үшін емес, ұлттық сананы қалыптасыруға бағытталған. «Бөлінгенді бөрі жейді» — деген қанатты сөз баршаға мәлім болса да, барлық халықтың бірлігін сақтау оңай шаруа емес екені белгілі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан в XV- XVIIIвв. 1969 г. 59 стр.
2. И.Г. Андреев. Описание средней орды Киргиз – Кайсаков. 1998 г. Б. Ирмуханов. К вопросу о происхождении Казахского народа. 2012 г. 295 – бет
3. В. Вельяминов – Зернов. Исследованиео Касимовских Царях и Царевичах. 1863г.
4. И. Андреев. Көрсетілген еңбек, 51 – бет
5. И. Андреев. Көрсетілген еңбек. 297 – бет
6. Гумилев. От Руси к России. 2007 г. 317 – 321 стр.
7. Қытай тарихы. 2001 ж. 48 – бет